# Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жунцзидің Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 12-13 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 26 қаңтар N 117

Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жунцзидің Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 12-13 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-қытай ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жунцзидің Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 12-13 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы жөніндегі нақты шараларды қабылдасын.

3. Жоспардың іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жарты жылда кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін Жоспардың орындалу барысы туралы хабардар етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 117 қаулысымен
бекітілген

Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жунцзидің Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 12-13 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар

ЖОСПАРЫ

| Р/с N | Іс-шара | Орындау мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Мынадай Келісімдерді күшіне енгізу жөнінде мемлекетішілік қажетті рәсімдерді жүргізу: | | |
| | 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Рес. публикасының Үкіметі арасын. дағы қосарланған салық салуды болдырмау және табысқа салы. натын салықтарға қатысты са. лық салудан жалтарудың алдын алу туралы келісім | 2002 жылдың II жарты- жылдығы | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| | 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Рес. публикасының Үкіметі арасында трансшекаралық өзендерді пай. далану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | 2002 жылдың II жарты- жылдығы | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қор. шаған ортаны қорғау министр. лігі, Қазақстан Республика. сының Сыртқы істер министр. лігі |
| 2 | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қытай Халық Республикасы. ның Қытай Сейсмологиялық Бюросы арасындағы жер сілкі. ністерін зерттеу саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | туралы келісімнің ережелерін<br>іске асыру жөніндегі шараларды<br>қабылдау | | |
| 3 | Қазақстан Республикасының<br>Денсаулық сақтау ісі жөніндегі<br>агенттігі мен Қытай Халық Рес.<br>публикасының Денсаулық сақтау<br>министрлігі арасындағы Денсау.<br>лық сақтау және медициналық<br>ғылым саласындағы ынтымақтастық<br>туралы келісімнің ережелерін<br>іске асыру жөніндегі шараларды<br>қабылдау | тұрақты<br>негізде | Қазақстан Республикасының<br>Денсаулық сақтау<br>министрлігі |
| 4 | Қытай Халық Республикасы Үкіме.<br>тінің Қазақстан Республикасының<br>Үкіметіне өтеусіз көмек ретінде<br>берген он миллион юаньді пайда.<br>лану жөнінде Қазақстан Респуб.<br>ликасының Үкіметіне ұсыныстар<br>енгізу | 2002<br>жылдың I<br>жарты-<br>жылдығы | Қазақстан Республикасының<br>Экономика және сауда<br>министрлігі (шақыру),<br>Қазақстан Республикасының<br>министрліктері мен агенттік.<br>тері, облыстардың әкімдері,<br>Астана және Алматы<br>қалаларының әкімдері |
| 5 | 1) "Дружба" станциясының аума.<br>ғында шекаралық және кедендік<br>тексеру өткізуге арналған қо.<br>сымша теміржол кеден терминал.<br>дары мен орнықты парктер салуды<br>және оларды дамытуды қаржыландыру<br>мәселелерін 2003 жылға арналған<br>республикалық бюджетті қалыптас.<br>тыру кезінде Бюджеттік комиссия.<br>ның қарауына енгізу | 2002<br>жылдың I<br>жарты-<br>жылдығы | Қазақстан Республикасының<br>Көлік және коммуникациялар<br>министрлігі, Қазақстан<br>Республикасының Қаржы<br>министрлігі, "Қазақстан<br>темір жолы" Республикалық<br>мемлекеттік кәсіпорны (келі.<br>сім бойынша), Қазақстан<br>Республикасы Ұлттық қауіп.<br>сіздік комитетінің Шекара<br>қызметі (келісім бойынша),<br>Қазақстан Республикасының<br>Кіріс министрлігі,<br>Қазақстан Республикасының<br>Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2) үкіметаралық деңгейде қытай тарапымен Алашанькоу станциясы. ның өткізу қабілетін арттыру мәселесін пысықтау | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан темір жолы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіп. сіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министр. лігі, Қазақстан Республи. касының Сыртқы істер министрлігі |
| 6 | 1) шекара маңындағы сауданы дамыту жөніндегі айқындаманы қалыптастыру мақсатында бір. лескен жұмыс тобын құру | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Экономика және сауда ми. нистрлігі, Қазақстан Респуб. ликасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Алматы облысының әкімі, Шығыс Қазақстан облысының әкімі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Орталық кеден ұйымдары арасында мәліметтер алмасуды жүргізу | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министр. лігі |
| 7 | 1) Қазақстан-Қытай мұнай құбырының құрылысы жобасын жылжыту жөніндегі жұмысты жалғастыру | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| | 2) Қазақстан-Ресей-Қытай құбыр тораптарының жалпы жүйелерін құру мәселесін қарау және осы мәселе бойынша негізделген ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, "Мұнай және газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 8 | Екі мемлекет арасында жанармай энергетикалық кешеніндегі ынтымақтастықты кеңейту және Қазақстанның мұнайгаз саласындағы кәсіп. орындарына инвестициялар тарту мәселелерінде қытай тарапына жәрдем көрсету | тұрақты негізде | Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 9 | Қазақстанға тұрақты тұруға ынта білдіруші қазақ ұлты адам. дарының кету құжаттарын рәсім. деуді жеңілдету мақсатында қытай тарапымен келіссөз процестерін | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі комитеті |

жалғастыру

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК